

Атырау көлік және коммуникация колледжінде
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы
бойынша
2025 жылдың 5 наурызындағы жай – күйі туралы
ТАҢДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазанындағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәкелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына және Атырау көлік және коммуникация колледжінің 2025 жылғы 25 наурыз №215 бұйрығына сай жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау төмендегі жұмыс тобының құрамымен жүргізілді:

№	Аты – жөні	Лауазымы
1	С.Н.Шандыбаев.	Директордың кәсіптік оқыту жөніндегі орынбасары
2	А.С.Кадырова	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары у.м.а
3	Кусайнова Н.Р.	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары
4	Капсаликова Н.Қ.	Кадр бөлімінің меңгерушісі
5	Харипов М.Е.	Арнаулы пән оқытушысы
6	Ержанова А.Б.	География – тарих пән оқытушысы
7	Сейтова И.С.	Тарих пән оқытушысы

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің нормативтік қамтамасыз ету

- 1.Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылы 30 тамызда қабылданған, 23.03.2019 жылғы өзгертулермен толықтырулармен).
2. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Z980267 Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі Заңы.
3. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 – III Заңы (2020 жылғы 11 қаңтардағы өзгерістер мен толықтырулармен).
- 4.2016 жылғы 21 қарашадағы №14441 сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік ережелері.
5. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының № 120 VI Кодексі.
- 6.Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95.

7. «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсынылатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлерінен еңбекақы төлеу жүйесі туралы» 2015 жылғы 31 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №1193 қаулысы.
8. «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысы.
9. 2015 жылғы 29 қазанындағы №375 – V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі.
10. 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының №414 – V «Еңбек Кодексі».

I. Басқару және ұйымдастырушылық – кадрлық ішкі талдау жұмысы жүргізілді

Атырау көлік және коммуникация колледжі, «Жұмыс беруші» ретінде «enbek.kz» порталында тіркелгенін, қазіргі таңда бослауазым жұмыс орны аталған порталға салынып отырады. Жұмыспен қамту орталығы жұмыссыздық жағынан тіркелеген жұмыссыз азаматтар арасынан жолдама арқылы жұмысқа жіберіп отырады. Оқу орнының басшысы еңбек шартымен қажетті лауазым орнына жұмысқа алып, бұйрық шығарып тіркеп отырады. Колледж басшысының жылдық есебі қамқоршылар кеңесі мен педагогикалық кеңестің жоспарында қаралған. Оқу процесі туралы сұрақтарға колледжінің инстаграм және фейсбук әлеуметтік желілеріндегі ресми парақшаларында жауап беріледі. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қараша №414 – V Еңбек кодексінің 34 бабы басшылыққа алынып 2025 жылы – 24 адам жұмысқа қабылданған.

II. Қаржылық – шаруашылық қызметіне ішкі талдау жұмысы жүргізілді

Есеп бөлімі барлық қаржылық операцияларды 1С: бухгалтерия 8:3 К2. Консалтинг, Парус Каз программасымен орындап отыр. Жұмыс уақытының парағы ай сайын алынып, сол бойынша жасаған жұмыс күніне сәйкес қызметкерлерге жалақы төленіп отыр. Инвентаризациялық тізімдер Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсанындағы № 562 бұйрығы 39 қосымшасы бойынша тіркеліп отыр. Goszakur.gov.kz Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу веб порталында сатып алулар ашық конкурс арқылы алынып отыр. Мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидалары және олардың мөлшерлерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы

N 116 Қаулысы негізге алынып білім алушыларға шәкіртақы төленіп отыр. Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек беру қағидалары басшылыққа алынып Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 қаулысы бойынша білім алушылар бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылады.

III. Білім беру қызметіне ішкі талдау жұмысы жүргізілді

Колледж басшысының блогына колледж сайтындағы сілтеме арқылы өтуге болады. Блогты пайдаланушылар білім беру ұйымының қызметі жөнінде өздерін қызықтыратын сұрақтар қоя алады.

Оқытушылардың жеке жүктемесі оқу жылының басында трафикациялық комиссия арқылы бекітілген. Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қортыныды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 бұйрығын басшылыққа алып аралық емтихан мен мемлекеттік емтихандарды өткізу тәртібі туралы ережелер жасақталған.

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсанындағы №506 бұйрықтарына сәйкес 2024 жылы 13 білім алушыға мемлекеттік қызметтер көрсетілген.

Оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің оқыту шеберлерінің біліктіліктерін арттыру колледж бойынша педагог қызметкерлер біліктіліктерін арттырудың перспективтік жоспарына сәйкес өтеді.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы №578 бұйрығының орындалуы ортақ EDUS автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы жүзеге асырылды, қабылдау қорытындысы да сол жүйе арқылы шықты, колледж қызметкерлерінің, жалпы адамның бұл процеске еш қатысы жоқ, тәуекелдердің алды алынды.

10) *сот актілері* - басқарма бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қатысты сот актілері түскен жоқ.

IV. Әлеуметтік тәрбие жұмысна ішкі талдау жүргізілді

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» колледжде семинарлар мен дөңгелек үстелдер, мәдени бұқаралық және спорттық іс – шаралар, флешмобтар және т.б. ұйымдастырылады. Колледж ұжымымен жиналыс болып өтті. Жиналыста сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңын басшылыққа ала отырып, оқытушылар тарапынан студенттер еңбегін пайдалануды болдырмауды, колледж мүддесі үшін ата – аналардың қалтасынан қаржат жинау фактісін алдын алу, мереке күндерінде бағалы сыйлықтарды болдырмау мақсатында бұйрықпен ұжым арасына таныстырылды.

Колледжде студенттер арасында «сыбайлас жемқорлыққа «Мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыру «Саналы ұрпақ» еріктілер клубы құрылып, іс – шаралар жоспарланып, ұйымдастырылды. Білім жүйесінде сыбайластық жемқорлықты түбімен жоюға ат салысып, жемқорлықтан бос елде тұруға бағыт алған, ұлтжанды, бәсекеге қабілетті жастарды дайындау негізгі мақсат етіп қойылған.

Өткізілген барлық шаралар колледждің Facebook парақшасына жарияланып отырады. «Сенім телефоны», «Сенім жәшігі» орнатылған, Оқу үйі, шеберхана, жатақханада камера орнатылған, үнемі бақылау жасалады. Колледжде азаматтардың электрондық қызметтерді алу үшін өзіне – өзі қызмет көрсету бұрышы жасақталған. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мәселесі колледжде басшының тұрақты бақылауында.

Талдау нәтижесі бойынша құқықбұзушылықтар анықталған жоқ;

Басқару және ұйымдастырушылық – кадрлық туындайтын өзге де мәселелер – жоқ;

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар – колледж қызметкерлерінің заңға қайшы әрекеттері мен теріс іс – қимылдарын әшкерлейтін материалдар жарияланған жоқ;

Колледж қызметкерлерінде сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылық және қылмыс жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану фактілері анықталған жоқ.

Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтамау бойынша бұзушылықтар жоқ.

V. «Атырау көлік және коммуникация колледжі» КМҚК – нің ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін нықтау бағыты бойынша:

1) персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы «Атырау көлік және коммуникация колледжі» КМҚК – нің жалпы штат саны 73 бірлікті құрайды, оның ішінде әкімшілік құрам -18, инженер – педагогтар -22, өндірістік оқыту шеберлері -7 қызметкер, техникалық т.б. қызметкерлер - 29. Инженер – педагогтардың барлығы жоғары білімді.

Колледж орынбасарлары 4 (төрт), 1 педагог – психолог, 2 бөлімше меңгерушісі, 1 – әдіскер. Колледж директоры Ниталиев Жанбек Курганбаевич 2018 жылдың 02 наурызында Атырау облысы білім беру бақармасының №13 бұйрығымен тағайындалды.

Колледжде есеп бөлімі (3 маман), кадр бөлімі (2 маман), мемлекеттік сатып алу – 1 маманы бар. Талдау барысында құқық бұзушылық анықталған жоқ.

2) мүдделер қақтығысын реттеу – ағымдағы жылдың 25 қыркүйектегі жағдайы бойынша мүдделер қақтығысы орын алған жоқ;

3) мемлекеттік қызмет көрсету – колледждің білім саласына қатысты 8 мемлекеттік қызмет түрлері мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады. Олар EGOV портал ақпараттық жүйелері, ХҚКО арқылы және eOtinish сонымен қатар қағаз түрінде жүзеге асады.

4) рұқсат беру функцияларын іске асыру – колледжде рұқсат беру функциясы іске асырылмайды;

5) колледждің ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметінен туындайтын өзгеде мәселелер жоқ;

6) колледжге қатысты мемлекеттік органдардың бұрын жүргізген тексеру нәтижелері – колледжге қатысты жоспарлы тексерістер жүргізілді – мемлекеттік аудит, прокурорлық тексеру нәтижесі бойынша шаралар қабылданды, кемшіліктер жойылды;

7) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар – қызметкерлердің заңға қайшы әрекеттері мен теріс іс – қимылдарын әшкерлейтін материалдар жарияланған жоқ;

8) колледжге келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері - басқарма қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалар тарапынан өтініштер түскен жоқ;

9) прокурорлық қадағалау актілері - прокурорлық қадағалау актілері бойынша ескертулер болған жоқ;

Қорытынды және ұсыныстар

- 1) Білім сапасын дамыту мәселесі бойынша шараларды көбірек ұйымдастыру, түсіндіру жұмыстарын жандандыру, орындалуын қамтамасыз ету.
- 2) Құжаттарды, актілерді, келісім – шарттарды жасақтау кезінде қолданыстағы заңнамаларды басшылыққа алу.
- 3) Бақылау функцияларын іске асыру – колледжде бақылау функциясы ISO жүйесін енгізу.
- 4) «Е – қызмет» ақпараттық жүйесімен тұрақты түрде жұмыс жасау.
- 5) Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін жан – жақты қамтамасыз ете отырып, бақылауға алу.
- 6) Облыстық бюджеттен бөлінген қаражаттың уақытылы игерілуін қамтамасыз ету.

Жұмыс тобы мүшелері:

Директордың кәсіптік оқыту жөніндегі орынбасары

Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары у.м.а.


Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары


Кадр бөлімінің меңгерушісі, кәсіподақ төрайымы


Арнаулы пән оқытушысы


География – тарих пән оқытушысы

Тарих пән оқытушысы

 С.Н.Шандыбаев


 А.С.Кадырова

 Н.Р.Кусайнова

 Н.Қ.Капсаликова

 М.Е.Харипов

 А.Б.Ержанова

 И.С.Сейтова

